

**«Ақпараттық жүйелер» бөлім жиынының  
№13 ХАТТАМАСЫ**

**Қатысқандар саны:** 17

**Өткізілген уақыты:** 05.03.2024ж.

**Өткізілген орны:** 217 каб

**Күн тәртібінде:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту туралы;
2. Сыйлықтарға, мерекелік іс-шараларға және басқа мақсаттар үшін қаражат жинауға тиым салу. Call-CENTER;
3. Әрүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Бөлім меңгерушісі Ә.Нұрбекова бүгінгі жиналыста қаралатын күн тәртібімен таныстырып, бірінші мәселе бойынша ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын негізге ала отырып, кез келген жемқорлықтың туындауына жолын бермеу, олардың зардаптарын жою, кінәлілерді жауапқа тарту бойынша қатаң түрде жұмыс жүргізілетіндігін айтты. Педагогикалық құрам және білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу, сонымен қатар жемқорлыққа қарсы мәдениет пен академиялық адалдық қағидаларын қалыптастыру басты мақсат екенін баса айтып өтті.

Келесі мәселесі бойынша мерекелік іс-шараларға немесе білім алушылар тарапынан сыйлықтар алуға, қаражат жинауға қатаң түрде тиым салынатындығын, сонымен қатар, орын алған жағдайда қатаң тәртіптік шара көрілетіндігі, тіптен жұмыстан шектетуге дейінгі қатаң шара қолданылатындығы ескертілді.

Бөлім меңгерушісі жиналысты қорытындылап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мақсатында атқарылып жатқан тәрбие жұмыстарына тоқталды. Кез келген мәлім болған сыбайлас жемқорлық әрекеттер анықталған жағдайда колледж әкімшілігіне немесе құқық қорғау органдарына дереу хабарланатындығы айттылды. Мереке қарсаңында түрлі мақсаттар үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық құрам мен білім алушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілу керекі тапсырылды.

**Қаулы:**


1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту назарға алынсын;
2. Заңсыз қаржы жинауға қатаң тиым салынсын;
3. Заңсыз қаржы жинауға педагогикалық құрам мен білім алушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

**Төрағасы:**



**Ә.Нұрбекова**

**Хатшы:**



**Ш.Баумуратова**